

ПРОЗАДАҒЫ МИСТИКАЛЫҚ ПОРТРЕТ

Мықтыбаева Мадина Төлеуғазықызы

madina-98a@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 3-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С. Айтуғанова

Көркем әдебиетті зерттеудің басты мәні - адам, ал кейіпкердің сыртқы немесе ішкі бейнесі бір ұғымның екі жақтарының көрінісі болып табылады. Сыртқы келбеттің бейнесі бір жағынан жеке тұлғаның сипатын, оның даралығын және сыртқы қайталанушылығын анықтау құралы, оның болмысын іске асыру құралы, екінші жағынан, адамның рухани әлемін ашу құралы болып табылады.

Портрет – ерте пайда болған жанр. Суретші шеберлігінің нәтижесінде кейде салынған портреттен сол адамның өмірден көрген азабын, қайғы қасіреті мен бүкіл жүріп өткен өмірін көруге болады. Портрет дегенде біздің көз алдымызға кескін өнеріндегі портрет елестейді. Бұл портреттің ерекшелігі-өзгермейтіні, қозғалмайтыны, қашан көрсек те тек осы қалыпта ғана тұратыны. Ал сөз өнеріндегі портрет - бір қалыпты қатып тұрып қалмайтын, өзгертін, қозғалатын жанды келбет, тірі кескін. Көркем шығармаға портреттің қатысын зерттеу өте маңызды. Сондай-ақ, портреттің әдеби шығарманың поэтикасындағы, көркем стильдегі және суретшінің шығармашылық жазбасындағы рөлін анықтау маңызды. Әдебиеттің көрнекті үлгілерінде портреттің бейнесі көркем бейненің міндетті, тұрақты компоненті және сонымен бірге - бейнелеу құралдары жүйесінің құрамдас элементтерінің бірі болып табылады. Көркем сурет және портрет ұғымдары өзара ажырамайтын байланыста және бір-бірімен өзара іс-қимылда тұтас көркемдік бейнені құрайды.

Көркем шығармадағы кейіпкер портреті көбіне суреттеу, сипаттау арқылы беріледі. Сол арқылы кейіпкердің болмысы, кескін-келбеті ашылады. Сондай-ақ бейнелеу өнеріндегі портреттің де көркем шығармада алатын орны ерекше. Ол портрет түрлі тылсымдар мен ғажайыптарға толы болуы мүмкін. Леонардо да Винчидің «Мона Лизасындай» терең сырларды өн бойына жасыруы да мүмкін. Қиял мен сезімді ұштастырған, кейіпкер өмірін түбегейлі өзгертетін картина болуы да ғажап емес. Мұндай портреттерді әдетте мистикалық портрет деп атайды. Тылсым күштердің себебінен жан бітіп, кейіпкер өміріне өз әсерін тигізетін портрет - мистикалық портрет деп аталады. Мистикалық портреттің көркем шығармадағы портреттен басты айырмашылығы – қиялдың жетекші орында болуы. Әдеби шығармадағы портрет көз алдымызға бірден елестесе, мистикалық портреттің қыр-сырын меңгеру оңайға соқпайды.

Мистикалық портрет мазмұны бойынша аса күрделі, әдеби шығармаларды талдау кезінде бірден көріне қоймайды. Портрет мистикасының тарихи тамыры мыңжылдыққа жайылған Мысырда жатыр. Олар қайтыс болған абыздарын ұйықтаған мүсін түрінде бейнелеп немесе ғибадатханаларына сурет түрінде салған. Египеттіктер көзге ерекше мән берген. Адам өлгенге дейін портретке оның көзін салуға болмайды, себебі портрет ол адамның жанын алады деп түсінген. Сондықтан Нифертитидің мүсіні жалғыз көзді болып жеткен [1].

Әдеби шығармадағы кейбір портреттерде өмірден кеткен адамдар бейнеленеді, демек олар өлілер әлемі мен тірілер әлемін байланыстырушы болып табылады. Осындай

әдеби шығармалардағы мистикалық мотив романтизмде пайда болғандықтан сол кезеңге сәйкес келеді, бірақ оның бастауларын ежелгі орыс әдебиетінен де көруге болады. Бұл екі көзқарасты да дұрыс деп пайымдаған жөн. Мистикалық мотивтен құралған шығарма екі түрлі портрет түрінде қарастырылады:

- Құдайдан, кереметтен, киелі кітаптардан келе жатқан портрет (портрет-икона);

- Демондық, қара күштердің әсерінен жан біткен портрет яғни, мистикалық портрет [1].

Шетел әдебиетінде мистикалық портрет мотиві орыс әдебиетінде ерте пайда болды. Оған мысал ретінде Ч. Метьюриннің «Мельмот Скиталец», В. Ирвинг «Таинственный портрет», Н. Готорн «Пророческие портреты», «Портрет Эдуарда Рэндолфа» шығармаларын жатқызуға болады.

Жанды портрет мотиві орыс әдебиетінде Н.Гогольдің «Портрет» повесінен бастау алады. Осы мотивпен К.Аскаков «Вальтер Эйзенберг» шығармасын жазды. Бұл мотивтің дамуы М.Ю.Лермонтов «Штосс», Тургенев «Фауст» повестерінде, Толстойдың «Портрет» поэмасы және С.Н.Дурылиннің «Три беса» шығармаларында көрініс береді. Ал С.Т. Аксаков, М.Ю. Лермонтов, И.С. Тургенев, Ф.М. Достоевский шығармаларындағы портрет мотиві Н.Гогольдің «Портрет» повесіндегідей философиялық тереңдікке, стильдік өзгешелікке құрылмаған. Зерттеушілердің барлығы дерлік Гогольдің повесінің құпиясын ашуға, мазмұнын жан-жақты талдауға көп қызығушылық танытады [2].

Қазақ әдебиетінде кейіпкер портретін беру, оны суреттеу жақсы дамыған. Бірақ бейнелеу өнеріндегі портретті шығармаға енгізіп, кейіпкер өмірімен байланыстыра суреттеу енді ғана дамып келе жатыр десек болады. Мысалы Рақымжан Отарбайдың «Мона Лиза» әңгімесіндегі портрет кейіпкер өмірін түбегейлі өзгертеді. Мона Лиза картинасын көрген адам оның көзіне қарап, таңғажайыпқа еніп кеткендей болады екен. Бұл шығармадағы бас кейіпкер де сиқыр әсерімен баурап алынған сезім жетегінде кетіп, өң мен түсін айыра алмайтын халге душар болады. Дегенмен, бұл шығармадағы портрет мистикаға құрылмаған. Жалпы қазақ прозасында мистикалық портрет тақырыбына қалам тербеп жүрген жазушылар некен-саяқ. Себебі бұл жанр біздің әдебиетімізде енді ғана дамып келеді.

Қазақ әдебиетінде прозадағы мистикалық портреттің үлгісі болып табылатын шығарма ретінде Қойшыбек Мұбарактың «Портреттегі ғұмыр» әңгімесін алып қарауға болады. Оқиға бас кейіпкер (автор) мен Ерден деген суретші шал арасында өрбиді. Денсаулығы нашарлаған бас кейіпкер демалуды жөн санап қаланың үлкен көшелеріндегі орындыққа жайғасады. Сөйтіп Ерден деген суретшімен танысады. Күнде сол жерге баруды әдетке айналдырып, орнынан қозғамайтын, ескі портретті көзі шалып қалады. Оқиғаның дамуы да осы жерден басталады. Автор бұл дамуды лирикалық шегініс жасау арқылы оқырманға өтімді етіп бере білген. «Бірде: – Аға мына портретті неге алмайсыз? – деп сұрадым. Үнсіз ойға шомып біраз отырған суретші ағам әңгімесін арыдан бастады. – Бала, қазір қаусаған шалды көріп жүрсің ғой... ол кез қайда?! Қайран жастық жігер,қуат,қайрат, сезім... қойшы бәрін... Сонымен картинаның жайын білгің келеді ғой... Бірде енді жұмыстан түскелі жиналып жатқанымда осы сен секілді... Иә... Тура сол кездегі сен секілді бір жас жігіт келіп портретін салып беруімді өтінді. Суретті салып болдым. Жігіт риза. Ақшасын артығымен төледі. Салған портретті қолына алып біраз қарап отырды да өзіме қайтарды.

– Не болды... Ұнамай қалды ма? Болмаса ертең жарықта дұрыстап қайта салып берейін,– деп жатырмын.

– Жоқ, жоқ атама... Сурет керемет... Тек бір ғана талабым бар...

– Иә, айтыңыз... – Ай сайын ақысын өзіңізге төлеп тұрамын...

– Не үшін, айтсаңызшы?

– Сурет әрдайым осында тұрсын... Ешкім орнынан қозғамасын.

– Жарайды... Ол үшін ақы төлемей-ақ қойыңыз...

– Жоқ, төлеймін... Сөз осы болды. Одан бері елу жылдан асты сол беймәлім жаннан әрдайым есеп-шотыма ақша түсіп тұрады... Бұл суреттің атын содан "Аманат" қойдым.

Бұл аманат сурет» [3]. Осы оқиғаны естіген жігіт «Аманат» портретін күнде бақылауға кіріседі. Бір күні таяғына сүйеніп, әрең жүрген шалдың сол портретті күнде қарайтынын байқап қалады. Соны аңдуға кіріседі. Күш- қуаты сарқылған шал портреттің алдына келіп, айналасында ешкім жоқ деп ойлап екі қолын жайып, жылай бастайды. Осы сәтті қадағалап отырған жігіт кенеттен көзі ілініп кетеді. Таңертең оянса, жерде жатқан балдақты көреді. Өз көзіне өзі сене алмай есеңгіреп қалады. Портретте бейнеленген жап-жас жігіт әлгі шалдың орнында тұр. Сөйтіп мәз болып көше бойымен кете барады. Бұл оқиғаларды көрген жігіт Ерден суретшіге барып өзінің де портретін салып беруді өтінеді, қанша ақша болса да төлейтінін айтады. Шығарма осылай аяқталады.

Бұл әңгіме әлем әдебиетінің классигі Оскар Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» шығармасымен сарындас. Екі шығармада да портрет тылсым күштің ықпал етуімен бас кейіпкер өміріне әсер ете бастайды. Қойшыбек Мұбарак шығармасында әбден қауқары кеткен шал портреттегі жас жігітке айналып кетсе, Оскар Уайльдта керісінше. Сұлулығы мен жастығын сақтап қалған Дориан өзінің портретіндегі сұрықсыз адамға айналады. Дориан жастығын сақтап қалу үшін демондық, қара күштермен байланыс жасайды. Ал «Портреттегі ғұмыр» әңгімесіндегі шалдың ондай байланысы туралы айтылмайды. Десе де оның да бір сиқырмен немесе тылсым күшпен байланысы бары анық. Бұл әңгіменің түп төркіні – мәңгілік өмірді іздеу. Демек автор халық ауыз әдебиеті сарынын шығармасына арқау еткен. Осы шығармадағы кейіпкер де мәңгілік өмір іздеген Қорқытпен ұқсас. Тіпті шығарманың соңында жас баланың да Ерден суретшіге портретін салып беруін өтінуі ұзақ өмір сүрудің, мәңгілік болуға деген талпынысының көрінісі іспетті. Автордың айтқысы келгені: «Өмірде бәрі мәңгілік болғысы келеді. Ертеңгі күнін ойламайды. Сөйтіп көптеген жамандықтарды жасайды. Ақырғы демі, соңғы сәті тақағанда жасағанына өкініп, қайта өмір сүргісі келеді. Бірақ бәрі кеш. Өмірде ешкім мәңгілік емес. Сондықтан жамандық жасамас бұрын өмірдің өткінші екенін ойла. Уақытыңды тиімді пайдалан», - деген ой болатын. Осындай аз сөзге көп мағына сыйғызу - жазушының шеберлігі.

Қазақ әдебиетінде проза жанрында кейіпкер портретін жасап жүрген қаламгерлер бар. Бірақ прозадағы мистикалық портрет туралы жазылған шығармаларды көп кездестірмейміз. Академик З.Қабдолов : «Суреткер болу үшін адамға тума қабілет, табиғи дарын қажет екенін кімде-кім мойындауға тиіс», - дей тұра материалистік эстетика қағидаларына сүйеніп, өнер адамына тән сапа-белгілердің 8 түрін атайды: 1.Нәзік сезімталдық. 2. Жігі бақылағыштық. 3.Творчестволық фантази. 4. Интуиция. 5. Өмірбаян. Тәжірибе молдығы. 6.Парасат. Сана саналығы. 7. Шеберлік 8. Шабыт [4]. Міне, осы қасиеттердің барлығын бір арнаға тоғыстыра білген адам ғана ұлы шығармаларды дүниеге әкеле алады. Біз қарастырған «Портреттегі ғұмыр» әңгімесінде жазушы осы қасиеттерді өн бойына сіңіріп, көркем прозадағы мистикалық портреттің қолданылу қызметінің қыр-сырын аша білген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шатин, Ю.В. Мотив и контекст // Роль традиции в литературной жизни эпохи: сюжеты и мотивы: Сб. науч. тр. - Новосибирск: Ин-т филологии РАН СО, 1995, С. 5-16.
2. Баль, В.Ю. Мотив «живого портрета» в повести Н.В. Гоголя «Портрет»: текст иконтекст: автореф. дис. канд. филол. наук. - Томск, 2011.
3. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/1984>.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.